*Researcher of Civil, civil procedural legislation and executive proceedings department of the Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, PhD student at KazGUU University, Master of legal sciences; Astana, Republic of Kazakhstan; e-mail: ayana_utegenova@mail.ru.*

***Keywords:*** *penalty; liquidated damages; civil liability; fine; penalty.*

***Abstract.*** *Today, the question of the relationship between penalties and liquidated damages is debatable in the world of civil law science. The concept of liquidated damages is not regulated in the legislation of the Republic of Kazakhstan. Penalty, unlike liquidated damages, can also perform a punitive function. In this regard, some authors identify the liquidated damages with an exceptional penalty. The problem is that the courts qualify the liquidated damages as a penalty only in cases when they formally correspond to the types of penalties (penalty or fine). However, in cases where the liquidated damages do not fit into the legal construction of the penalty, the court may qualify the relevant condition of the contract as classical damages. And this, in turn, generates the risk of not claiming damages for reasons for the incompleteness of the composition.*

*The problematic issues of the definition of the concept of liquidated damages, their relationship to the penalty and the possibility of introducing this legal construction into the civil legislation of the Republic of Kazakhstan are revealed in this article. However, an attempt was made in this article to provide a full*

*description of the penalty as well as to give the most complete analysis from the standpoint of theory and practice. During the study of the liquidated damages institute there are given opinions of reputable civilists, along with that particular attention is paid to English practice.*

*The article is recommended for lawyers, scientists, practitioners, people interested in the implementation of English law in the legislation of the Republic of Kazakhstan.*

Ағымдағы жағдай

Тұрақсыздық айыбы институтының түп тамыры рим құқығынан бастау алады. Оған сәйкес тұрақсыздық айыбы ретінде шарт бұзған адамды жәбірленген тарап пайдасына қарай айыппұл төлеуге міндеттейтін келісім шартты түсінді. Рим құқығында нормалар тұрақсыздық айыбын талап ету мен міндеттемені нақтылы орындау арасында таңдау қажеттілігін белгіледі [1].

Жауапкершілік нысаны ретіндегі тұрақсыздық айыбының қолайлылығы және оның залалдардан ең басты айырмашылығы сол залал мөлшері алдын-ала белгілі болады. Сондықтан несие берушіге залалды өндіріп алу туралы талап қою үшін міндеттеменің бұзылғандығының фактісін дәлелдеу жеткілікті.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АК) 293-бабында тұрақсыздық айыбының анықтамасы берілген, - «борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес»[1].

ҚР АК 294-бабына сәйкес негізгі міндеттеменің нысанына қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиіс. Жазбаша нысанды сақтамау тұрақсыздық айыбы туралы келісімнің жарамсыздығына алып келеді. ҚР АК 293-бабына сәйкес тұрақсыздық айыбы тек ақша сомасы түрінде ғана көрініс табуы мүмкін. Айта кету қажет, шетелдік тәжірибеде тұрақсыздық айыбының ақшалай емес нысаны да кездеседі.

Тұрақсыздық айыбы туралы келісім шарт табиғаты тұрғысынан екі түрлі сипатқа ие, ол бір уақытта азаматтық-құқықтық жауапкершілік шарасы ретінде де, қамтамасыз ету шарасы ретінде де қолданылады. Г.Ф. Шершеневич айтқандай, «ол міндеттемені қамтамасыз ету құралы ғана емес, міндеттемеден жалтарған кездегі сыйақы мөлшерін анықтау әдісі болып табылады» [2; 17-25].

Тұрақсыздық айыбын жауапкершілік шарасы ретінде сипаттай келе, М.И. Брагинский мен В.В. Витрянский мұндай қорытындыға келулеріне келесінің дәлел болғанын алға тартады: 1. Тұрақсыздық айыбы міндеттеме орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда ғана өндіріліп алынады; 2. Тұрақсыздық айыбының мәні міндеттемені бұзған борышқордың қосымша шығындар көтеру міндетінде жатыр; 3. Тұрақсыздық айыбы азаматтық-құқықтық жауапкершілік орын алуы үшін қажетті шарттар болған жағдайда ғана қолданылуға жатады; 4. Тұрақсыздық айыбын төлеу міндеті мемлекеттік мәжбүрлеу негізінде қамтамасыз етіледі [3; 660-661].

Тұрақсыздық айыбының екі жақты сипатына қатысты М.К. Сүлейменов пен Ю.Г. Басин былай дейді «тұрақсыздық айыбы міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету құралы ғана болып қоймай, жауапкершілік шарасы ретінде де қолданылады. Сондықтан оны өндіріп алу үшін борышқорды міндеттемені бұзғандығы үшін жауапкершілікке тарту үшін қажетті шарттар болуы керек» [4].

Тұрақсыздық айыбының екі жақты сипатының проблемасы тұрақсыздық айыбының екі негізгі құқықтық теориясында көрініс тапты – бағалау және айыппұл. Бағалау теориясына сәйкес тұрақсыздық айыбы – бұл ықтимал залалдардың алдын-ала шартталған бағасы. Айыппұл теориясына сәйкес «тұрақсыздық айыбының қамтамасыз етушілік рөлі шарттық міндеттемелерді бұзушы үшін күшейтілген мүліктік жауапкершіліктің шынайы орын алу мүмкіндігінде жатыр» [5; 66].

А.Г. Карапетов айтуынша, «тұрақсыздық айыбының екі жақты сипаты жалпы романдық-германдық азаматтық құқыққа тән, ал ағылшын-американдық шарт құқығы аталмыш шараның қамтамасыз етушілік сипатын танымай, тек өтемақы ретіндегі сипатын ғана мойындайды (алдын ала бағаланған залалдар)» [6; 61].

Ағылшын құқығында тұрақсыздық айыбы әдетте шарттық құқықтық қатынастарда қолданылмайды. Алайда тұрақсыздық айыбының Қазақстан Республикасы заңнамасында қолданылғандай, тура сол мақсатты көздей отыра ағылшын шарт құқығына алдын-ала бағаланған залалдар түсінігі енгізілген.

Алдын-ала бағаланған залалдар ұғымы (liquidated damages) ағылшын құқығының элементі болып табылады және континенталдық құқық жүйесінде кездеспейді. Оның пайда болуы тарихи оқиғалардан бастау ала-

[1] *Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года. Общая часть. // ИПС «Әділет» http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_ (Дата обращения: 11.02.2019).*

ды. Ағылшын соттары ұзақ уақыт тұрақсыздық айыбына борышқорды қорқыту құралы есебінде қарады, нәтижесінде несие беруші өз залалдарын дәлелдеуге мәжбүр болатын. Сол себепті 19 ғасырдан бастап шарттарда алдын-ала бағаланған залалдар түсінігі қолданыла бастады, ол тараптар шартта ықтимал шығындардың нақты мөлшерін келісуге ниет білдірген жағдайда қолданылатын. Бұл ретте нақты залалдар сомасы алдын-ала бағаланған залалдар ретінде келісілген сомадан төмен болса да, сот үшін тараптардың шарт жасасу кезінде мұндай залалдардың орын алу мүмкіндігін көздегендері маңызды.

2015 ж. 4 қарашада Ұлыбританияның Жоғарғы Соты мөлшері несие берушінің заңмен қорғалатын мүдделеріне айқын пара-пар емес тұрақсыздық айыбына ғана тыйым салыну керек деп шешті. Сәйкесінше, тұрақсыздық айыбы ықтимал залалдарды алдын-ала есептеп алу талпынысы ретінде танылмаса да, сот оны жалпы мойындауы мүмкін. Осы мақсатта сот істің барлық мән-жайларын, бизнес ерекшеліктерін және т.б. жан-жақты зерттеуі қажет [7].

В.С. Евтеев алдын-ала бағаланған залалдар институтын зерттей келе, оларды айыппұлдық сипаты бар санкциялар деп қабылдамау қажет дейді. Себебі алдын-ала бағаланған залалдардың негізгі өзгешелігі сол оларды айыппұл нысанындағы тұрақсыздық айыбымен теңестіруге келмейді [8; 38].

Осылайша, Қазақстан Республикасы заңнамасындағы тиімді тетік - тұрақсыздық айыбын ескере отырып, «алдын-ала бағаланған залалдар» институтын енгізу қажеттілігін жан-жақты зерттеген жөн. Залалдардың орнын толтыру саласындағы құқықтың әлсіз дамуы жағдайында тұрақсыздық айыбы өте тиімді құрал болып табылады.

Сонымен бірге, тұрақсыздық айыбының ынталандырушы рөлін ерекше атап өткен жөн. Себебі өсімпұл есептеу арқылы ол қарызды тез арада жабуға ынталандырады. Бұл ретте, ынталандырушы сипаты жоқ тұрақсыздық айыбы да болады. А.Г. Карапетов айтқандай, борышқордан негізгі шарттық міндеттемені шешетін тұрақсыздық айыбы болады. «Мұндай тұрақсыздық айыбы әдетте борышқорды міндеттемені орындауға ынталандырмайды, алайда өтемақы ретінде жүре береді» [6; 62].

Дегенмен, құқықтық әдебиетте айыппұлдық және ынталандырушы әсер үнемі басты орынға ие бола бермейді, оны қосымша қасиеті ретінде қабылдау қажет [9].

Әртүрлі өлшемшарттарға байланысты ерекшеленетін тұрақсыздық айыбының түрлерін анықтау да маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мұндай өлшемшарттарға мыналарды жатқызуға болады: а) белгілеу негіздері; ә) есептеу әдісі; б) залалдармен ара-қатынасы.

Тұрақсыздық айыбын белгілеу негіздері ретінде заңды және шарттық түрлерін бөліп қарастыруға болады. Дегенмен, кейбір зерттеушілер бұл тізімге сонымен қатар «аралас» тұрақсыздық айыбын да қосады, оған тараптар келісімі негізінде мөлшері көбейтілген және заңнама талаптарын бұзбайтын заңды тұрақсыздық айыбын жатқызады [10].

ҚР АК 294-бабында тұрақсыздық айыбы туралы келісімінің жазбаша нысаны белгіленген, жазбаша нысанды сақтамау тұрақсыздық айыбы туралы келісімнің маңызсыздығына алып келеді.

Заңды тұрақсыздық айыбына келер болсақ, несие беруші тараптардың келісімінде тұрақсыздық айыбын төлеу міндеті көзделген-көзделмегеніне қарамастан, оны төлеуді талап етуге құқылы (ҚР АК 295-б.).

Есептеу әдісіне қарай айыппұл және өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбын бөліп қарастыруға болады. АК 293-бабына сәйкес тұрақсыздық айыбының түсінігі айыппұл мен өсімпұлды қамтиды. Бұл ұғымдар синонимдес болып табылмайды. ҚР АК-не берілген түсіндірмеге сәйкес «өсімпұл» дегеніміз белгілі бір уақыт аралығында міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін қолданылатын тұрақсыздық айыбы. Ал «айыппұл» есебінде әдетте нақты ақша сомасындағы немесе міндеттеме сомасының белгілі бір пайыздық мөлшерлемесі түрінде белгіленген тұрақсыздық айыбын түсінеміз» [4].

ҚР АК 351-бабы тұрақсыздық айыбы мен залалдардың ара-қатынасы ережесін белгілейді. Аталмыш баптың мазмұнына сәйкес тұрақсыздық айыбының төрт түрі бар:

1. Залалдардың орны тұрақсыздық айыбы арқылы жабылмаған бөлігінде толтырылатын есепке алынатын тұрақсыздық айыбы;
2. Тек тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға жол берілетін айрықша тұрақсыздық айыбы;
3. Кумулятивті тұрақсыздық айыбы, мұнда залал толық сомасында тұрақсыздық айыбынан тыс өндіріп алынуы мүмкін, яғни жаза ретінде. Осының салдарынан оны айыппұлдық тұрақсыздық айыбы деп те атайды;
4. Балама тұрақсыздық айыбы, яғни несие берушінің таңдауы бойынша не тұрақсыздық айыбы, не залал өндіріп алынуы мүмкін [11].

Айрықша және балама тұрақсыздық айыбы жауапкершілік мөлшерін шектейді, соның есебінен ерекше сипатқа ие. Сонымен қоса айыппұлдық, кумулятивті тұрақсыздық айыбы, керісінше, жауапкершілікті кеңейтеді және міндеттемелерді өрескел бұзғандығы үшін қолданылатын ақырғы шара болып табылады.

Проблеманы сипаттау

Тұрақсыздық айыбы мен алдын-ала бағаланған залалдардың ара-қатынасы мәселесі дискуссиялық сипатқа ие және тұрақсыздық айыбының құқықтық табиғатына негізделеді.

Бір жағынан, ағылшын құқығында тұрақсыздық айыбы орындайтын қызметті алдын-ала бағаланған залалдар да де-факто атқарады. Дегенмен, тұрақсыздық айыбының құқықтық болмысы мүлдем бөлек.

Жоғарыда аталып өткендей, тұрақсыздық айыбы алдын-ала бағаланған залалдарға қарағанда өтемақы сипатынан бөлек айыппұлдық қызметті де атқарады. Осыған орай ғылыми әдебиетте тұрақсыздық айыбы мен алдын-ала бағаланған залалдардың өзара байланысына қатысты әртүрлі көзқарастар білдірілген болатын. Кейбір авторлар алдын-ала бағаланған залалдарды айрықша тұрақсыздық айыбымен теңестіруді жөн көреді [12].

Шынымен, айрықша тұрақсыздық айыбының алдын-ала бағаланған залалдармен белгілі бір ұқсас тұстары баршылық, алайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында айрықша тұрақсыздық айыбының өлшемшарттары бекітілген. Атап айтқанда, ҚР АК 351-б. 1-т. «міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін тұрақсыздық айыбы ғана белгіленуі мүмкін болатын жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады»[2].

Осылайша, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айрықша тұрақсыздық айыбы шарттармен емес, заңнамалық актілермен белгіленуі мүмкін. Тараптардың залалдар мөлшерін шартта белгілеу мүмкіндігіне жол бермеу жөніндегі көзқарастың қаншалықты негізді екеніне қатысты мәселе әлі де ашық.

Бірқатар авторлар бұны мүліктік айналым азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің объективті шекараларын айқындайды деп ақтайды, ал ол залалдар сомасынан не келтірілген зиян мөлшерінен аспауы тиіс [13; 615]. Алайда ҚР АК 2-бабында бекітілген шарт еркіндігі қағидатын да ескеру қажет. Тараптарға шарт еркіндігіне құқықтарын іске асыруы негізінде шартқа алдын-ала бағаланған залалдарды өндіріп алу туралы ережелерді қосу мүмкіндігін беру, әлбетте, әділ болатын еді.

В.А. Белов пен А.Б. Бабаев пікіріне сәйкес шарт еркіндігі шартта айрықша тұрақсыздық айыбы нысанындағы алдын-ала бағаланған залалдарды белгілеу мүмкіндігін көздейді. Сонымен қатар авторлар алдын-ала бағаланған залалдар конструкциясы мен залалдардың орнын толық толтыру қағидаты ара-қатынасы проблемасын көтереді. Олар ұсынған гипотетикалық жағдайға сәйкес борышқорда жәбірленушіге зиянның орнын толтыруға қажетті жеткілікті ақша қаражаты жоқ, мұндай жағдайда жәбірленуші сотқа жүгінеді, атқарушылық парақ алғаннан кейін ерте-кеш талаптарының қанағаттандырылуын күтеді. Дегенмен, аталмыш жағдайдан ең қолайлы шығу жолы нәтижесінде жәбірленуші алуға тиіс болған алдын-ала анықталған сома белгіленген шарт жасасу мүмкіндігі еді. Яғни залалдардың орнын толық толтыру қағидаты жәбірленуші тараптың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталғанына қарамастан, нақ осы жағдайда ол түпкілікті қарама-қайшы мақсаттарға қол жеткізіп отыр [14; 894].

Мұндағы проблема соттардың алдын-ала бағаланған залалдарды тұрақсыздық айыбы ретінде олар тұрақсыздық айыбының түрлеріне (өсімпұл не айыппұл) формалды түрде сәйкес келген жағдайда ғана саралайтындығында. Алайда алдын-ала бағаланған залалдар тұрақсыздық айыбының құқықтық конструкциясына сай келмеген жағдайда сот тиісті шарт талабын классикалық залалдар ретінде саралауы мүмкін. Ал бұл, өз кезегінен, құрам толымсыздығы себебінен залалдардың өндірілмей қалу тәуекелін тудырады.

Тура сол жағдайда, егер алдын-ала бағаланған залалдар нысанындағы тұрақсыздық айыбы ҚР АК-не енгізілетін болса, соттың өз қалауы бойынша тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайту құқығын іске асыруына қатысты проблемалар туындауы мүмкін. ҚР АК нормаларына сәйкес «егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) несие берушінің шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышқордың талабы бойынша борышқордың міндеттемені орындау дәрежесін және борышқор мен несие берушінің назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы»[3] (ҚР АК 297-б.).

Бұл норма бірқатар азаматтық істер үшін ақылға қонымды болып табылады. Мәселен, қазіргі уақытта банктік заемдар шарттарынан туындайтын дауларға қатысты азаматтық істерді қарау жөніндегі сот тәжірибесіне сәйкес сот тұрақсыздық айыбының (өсімпұл не айыппұл) мөлшерін, егер заем берушінің заемшы кредитқабілеттілігін бағалауды жүргізбегендігі анықталатын болса, азайта алады[4].

Қарағанды облысының Шахтинск қа-

---

[2] *Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года. Общая часть. // ИПС «Әділет» http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_ (Дата обращения: 11.02.2019).*

[3] *Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года. Общая часть. // ИПС «Әділет» http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_ (Дата обращения: 11.02.2019).*

[4] *Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 25 ноября 2016 года № 7 «О судебной практике рассмотрения гражданских дел по спорам, вытекающим из договоров банковского займа» // ИПС «Әділет» http://adilet.zan.kz/rus/docs/P160000007S (Дата обращения: 11.02.2019).*

лалық соты қараған азаматтық ісінен келесі мысал келтірелік. «Крамарева И.И.» ЖК жауапкерден қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету бойынша көрсетілген қызметтер үшін берешек сомасын өндіріп алуды талап етеді. Пәтерде екі адам тұрады. 01.01.2004 ж. мен 31.12.2014ж. аралығындағы берешек 23 328 теңге, өсімпұл 9284 теңге құрайды» [15].

Сот «жауапкердің ҚР Үкіметінің 07.12.2000 ж. № 1822 қаулысымен бекітілген Коммуналдық қызмет көрсету ережелерінің нормаларын бұзғандығын» атап өтті. «Оған сәйкес (жария шартқа сәйкес) тұтынушы қызмет көрсетушімен іс жүзінде көрсетілген қызметтері үшін төлем төлеуге міндетті.

Егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы несие берушінің шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышқордың талабы бойынша борышқордың міндеттемені орындау дәрежесін және борышқор мен несие берушінің назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, өсімпұлды азайтуға құқылы деген норма қамтылған ҚР АК-нің 297-бабының талаптарын қолдана отырып, сондай-ақ талапкердің жауапкерден берешекті 10 жылдан астам уақыт бойы талап етпегенін ескере отырып, өсімпұл мөлшері 9284 теңгеден 2000 теңгеге азайтылды» [15].

Бұл мысалдағы соттың өсімпұлды азайтуы талапкердің жауапкерге 10 жылдан астам уақыт бойы талап қоймағанын ескеретін болсақ, негізді болып табылады. Егер қос тарап та кәсіпкер, ал шарт кәсіпкерлік мәміле болса, жағдай мүлде басқаша болатын еді. Мұндай жағдайда соттың тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайтуы дискуссиялық болатын еді және ерекше назар мен талдауды қажет ететін еді. Бірқатар зерттеушілердің айтуынша, айналымның кәсіби қатысушыларының ұмытшақтығы мен селқостығына көз жұма қарауға болмайды [16; 71]. Осыған байланысты кәсіпкерлік мәмілелерге қатысты сотқа тұрақсыздық айыбын азайтуға қатысты бастама жасау құқығын беруге болмайды.

Осы орайда айта кету қажет, соттың тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайту құқығын тарылту кәсіпкерлік мәмілелерге қатысты ғана орын алады. Жалпы алғанда, соттың мұндай құқығы тіпті кеңейтілуі де мүмкін.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Жоғарыда келтірілгеннің негізінде келесіні атап өтеміз.

1. ҚР АК-ін кәсіпкерлік мәмілелерге қатысты шарт талаптарына сәйкес алдын-ала бағаланған залалдар нысанындағы тұрақсыздық айыбын өндіріп алу мүмкіндігіне нұсқау көзделген нормамен толықтыру қажет. Мұндай норманы енгізу шарт еркіндігі қағидатын іске асыруды нығайтуға жәрдемдеседі, ал аталмыш өзгерістерді тек кәсіпкерлік мәмілелермен шектеу тұрақсыздық айыбы мен алдын-ала бағаланған залалдар ара-қатынасымен байланысты проблемаларды жоққа шығарады.

2. ҚР АК 297-бабында соттың тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайту құқығы көзделген. Дегенмен, АК-тің кәсіпкерлік мәмілелер бойынша алдын-ала бағаланған залалдар нысанындағы тұрақсыздық айыбын өндіріп алу мүмкіндігі қамтылған нормамен толықтырылғанын ескере отырып, соттың аталмыш мәмілелерге қатысты тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайту құқығын қайта қарау қажет.

## ӘДЕБИЕТ


*1. Пергамент М.Я. Договорная неустойка и интерес. М.,1905. – с.36.*

*2. Шершеневич Г.Ф. Курс торгового права. Т.1: Введение. Торговая деятельность. – М.: Статут, 2005.*

*3. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Кн.1: Общие положения. 2-е изд. - М., 2003.*

*4. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть). Ответственные редакторы: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. // ИПС «Юрист» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750 (Дата обращения: 11.02.2019).*

*5. Ерахтина О.С. Основные проблемы правового регулирования института неустойки // Законы России: опыт, анализ, практика». - 2011. №8. – с.65-72-с.66.*

*6. Карапетов А.Г. Неустойка как средство защиты прав кредитора в российском и зарубежном праве. – М.:Статут, 2005. – 286 с.*

*7. Карапетов А.Г. Минереволюция в правовом режиме договорной неустойки в Англии, и перспективы уточнения аналогичного режима в России // Интернет-ресурс: https://zakon.ru/blog/2016/1/31/minirevolyuciya_v_pravovom_rezhime_dogovornoj_neustojki_v_anglii_i_perspektivy_utochneniya_analogich (Дата обращения: 11.02.2019).*

*8. Евтеев В.С. Проблемы применения «заранее исчисленных убытков» в российском праве // Законодательство. 2003. №8. С.38.*

*9. Хохлов В.А. Гражданско-правовая ответственность за нарушение договора: дис. ... д-ра юрид. наук. Самара, 1998. - С.255.*

*10. Коровяковский Д.Г. Неустойка как способ обеспечения исполнения обязательств // Бух-*

галтер и закон. - 2006. №1. – с.23-27.
11. Алексеев С.С., Аюшеева И.З., Васильев А.С. [и др.]. Под общ. ред. С. А. Степанова. Гражданское право. В 3х томах. Том 1. – 2011.
12. Романец Ю.В. Этические основы права и правоприменения. М.: Зерцало-М, 2012.
13. Гражданское право. В 4 т. Т.1: Общая часть: учеб. для студентов вузов / [Ем В.С. и др.]; отв. ред. Е.А. Суханов. – 3-е изд., пераб. и доп. – М.: Волтерс Клувер, 2006. – 720 с..
14. Гражданское право: актуальные проблемы теории и практики / под ред. В.А. Белова. – М.: Юрайт-Издат, 2007. – 993 с..
15. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Выпуск 47. Үлгі. Жилищные споры (под редакцией Председателя Верховного Суда РК, доктора юридических наук К.А. Мами, Председателя Карагандинского областного суда, доктора юридических наук М.Т. Алимбекова, профессора, доктора юридических наук А.Г. Диденко) // ИС «Параграф» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36188333 (Дата обращения: 15.02.2019).
16. Ерахтина О.С. Основные проблемы правового регулирования института неустойки // Законы России: опыт, анализ, практика». - 2011. №8. – с.65-72.

## REFERENCES

1. Pergament M.Ja. Dogovornaja neustojka i interes. M.,1905. – s.36.
2. Shershenevich G.F. Kurs torgovogo prava. T.1: Vvedenie. Torgovaja dejatel’nost’. – M.: Statut, 2005.
3. Braginskij M.I., Vitrjanskij V.V. Dogovornoe pravo. Kn.1: Obshhie polozhenija. 2-e izd. - M., 2003.
4. Kommentarij k Grazhdanskomu kodeksu Respubliki Kazahstan (Obshhaja chast’). Otvetstvennye redaktory: Sulejmenov M.K., Basin Ju.G. // IPS «Jurist» https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750 (Data obrashhenija: 11.02.2019).
5. Erahtina O.S. Osnovnye problemy pravovogo regulirovanija instituta neustojki // Zakony Rossii: opyt, analiz, praktika». - 2011. №8. – s.65-72-s.66.
6. Karapetov A.G. Neustojka kak sredstvo zashhity prav kreditora v rossijskom i zarubezhnom prave. – M.:Statut, 2005. – 286 s.
7. Karapetov A.G. Minirevoljucija v pravovom rezhime dogovornoj neustojki v Anglii, i perspektivy utochnenija analogichnogo rezhima v Rossii // Internet-resurs: https://zakon.ru/blog/2016/1/31/minirevolyuciya_v_pravovom_rezhime_dogovornoj_neustojki_v_anglii_i_perspektivy_utochneniya_analogich (Data obrashhenija: 11.02.2019).
8. Evteev V.S. Problemy primenenija «zaranee ischislennyh ubytkov» v rossijskom prave // Zakonodatel’stvo. 2003. №8. S.38.
9. Hohlov V.A. Grazhdansko-pravovaja otvetstvennost’ za narushenie dogovora: dis. ... d-ra jurid. nauk. Samara, 1998. - S.255.
10. Korovjakovskij D.G. Neustojka kak sposob obespechenija ispolnenija objazatel’stv // Buhgalter i zakon. - 2006. №1. – s.23-27.
11. Alekseev S.S., Ajusheeva I.Z., Vasil’ev A.S. [i dr.]. Pod obshh. red. S. A. Stepanova. Grazhdanskoe pravo. V 3h tomah. Tom 1. – 2011.
12. Romanec Ju.V. Jeticheskie osnovy prava i pravoprimenenija. M.: Zercalo-M, 2012.
13. Grazhdanskoe pravo. V 4 t. T.1: Obshhaja chast’: ucheb. dlja studentov vuzov / [Em V.S. i dr.]; otv. red. E.A. Suhanov. – 3-e izd., perab. i dop. – M.: Volters Kluver, 2006. – 720 s.
14. Grazhdanskoe pravo: aktual’nye problemy teorii i praktiki / pod red. V.A. Belova. – M.: Jurajt-Izdat, 2007. – 993 s.
15. Grazhdanskoe zakonodatel’stvo. Stat’i. Kommentarii. Praktika. Vypusk 47. Ylgi. Zhilishhnye spory (pod redakciej Predsedatelja Verhovnogo Suda RK, doktora juridicheskih nauk K.A. Mami, Predsedatelja Karagandinskogo oblastnogo suda, doktora juridicheskih nauk M.T. Alimbekova, professora, doktora juridicheskih nauk A.G. Didenko) // IS «Paragraf» http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36188333 (Data obrashhenija: 15.02.2019).
16. Erahtina O.S. Osnovnye problemy pravovogo regulirovanija instituta neustojki // Zakony Rossii: opyt, analiz, praktika». - 2011. №8. – s.65-72.